



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

24 қаңтар, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан нарығының жаңа мүмкіндіктері



Өткен сенбіде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды. Президент алдымен Рудный қаласындағы жылу құбырының жарылу салдарымен танысып, қалпына келтіру жұмыстарының барысын көрді.

Сондай-ақ, осы қаладағы «Жас-Қанат 2006» ЖШС-на қарасты құс фабрикасына барды. Мемлекет басшысы сонымен қатар «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» (ССКӨБ) акционерлік қоға-

мында, «Лисаковскгоркоммун-энерго» МКК-не қарасты жылу-электр орталығында және балаларға арналған «Алақай» отбасылық демалыс орталығында болды.

Президент сапарында на-

зарға ұсынылған тағы бір маңызды нысан – Allur автомобиль зауыты.

Зауыт басшылығының айтуынша, былтыр 614,2 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Өткен жылы зауыт құны 21,5 миллиард теңге болатын өнім экспорттады. Кәсіпорында 2 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Allur автомобиль зауытының жанданған іске қосылған желісі Kia Sportage моделіне арналған. CKD – шамактарды дәнекерлеу, бояу және құрастыру жөніндегі

технологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын шағын то- рапты автомобиль өндірісі. Ол үшін арнайы цехтар ашылған. Kia өндірісінің осы технология- лары Орталық Азия мен ТМД бойынша Қазақстанда ғана орналасқан.

Президент зауытты ара- лау барысында жас жұмыс- шылармен әңгімелесіп, оларға колдау білдірді.

– Шын мәнінде, зауыт өте керемет екен. Таза әрі өндіріс мәдениеті өте жоғары. Біз жана ғана Kia Sportage көлігін көрдік. Бұл көліктің сапасы өте жоғары. Сондықтан сұраныс жоғары болады деп ойлаймыз. Біз келешекте инвесторлар шақырып бұл зауытты ұлғайтамыз. Зауыт- тың болашағына байланысты ешқандай мәселе жоқ деп ой- лаймын. Жастарға үлкен мән беріп отырымыз. Сондықтан бәрі дұрыс болады, – деді Қасым- Жомарт Тоқаев.

Зауыт өкілдері биыл Kia Cerato шығаратын CKD желісін іске қосу жоспарланғанын атап өтті. Сондықтан компа- ния техникалық бағыттағы оқу орындарымен тұрақты жұмыс жүргізуді бастаған. Осы рет- те кәсіпорын басшылығы тех- никалық оқу орындарының студенттері мен түлектеріне арналған 250 орындық кам- пус үлгісіндегі жаңа заманау- и жатақхана құрылысының басталғанын мәлімдеді.

Kia Corporation президенті және бас директоры Хо Сун Сон бейнебайланыс арқылы шараға

қатысып, автомобиль жасау саласындағы Қазақстан-Корея ынтымақтастығының маңызын атап өтті.

– Біз Қазақстан нарығы үшін ашылып жатқан болашағы зор мүмкіндіктерге ризамыз. Қазақстан экономикасы кең ауқымда және жылдам да- мып келеді. Нарықтағы биз- несіміздің әлеуеті мол екенін көріп отырғандықтан, мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ел басшылығына жеке бизнесті дамытқаны үшін алғыс айтқым келеді. Біз бұл үлкен істің баста- масы ғана деп сенеміз, – деді корпорация басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Қостанай облы- сының әкімі Құмар Ақсақалов жүзеге асырылып жатқан 3 жоба мен болашақта қолға алынатын басқа да инвестициялық баста- малар туралы баяндады.

Орындалып жатқан жо- балардың алғашқысы – темір кую цехының құрылысы. Биыл іске қосылатын кәсіпорында 300 тұрақты жұмыс орны ашылмақ. Оның құны – 78,2 миллиард теңге. Жылына 45 мың тонна құйма құятын жоба инновациялық өнім көлемін 8 пайызға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жүзеге асырылып жатқан екінші жоба – жүк көліктерінің бөлшектерін шығаратын зауыт- тың құрылысы. Кәсіпорын 2 жылдан соң іске қосылады. 360 адамға тұрақты жұмыс орын ұсынатын жобаның құны – 82,5 миллиард теңге.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте былтыр жоспарланған халықты жұмыспен қамту бағытындағы көрсеткіштердің орындалуы мен биылғы қойылған міндеттер талқыланды. Жиынға басқарма басшылары және селекторлық режимде қала мен аудан әкімдері қатысты.

Сп Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Тұрақты жұмыс – тіршілік өзегі



Суретті түсірген Б.БСЖАНОВ

Жиында облыстық жұ- мыспен қамтуды үйлес- тіру және әлеуметтік ба- дарламалар басқармасын- дың басшысы Ержан Қо- жас, Жалағаш ауданын- дың әкімі Қармақшы, Қо- станай облысының әкімі Құмар Ақсақалов және басқа да қатынастары басқармасы басшыларына биыл бекітілген өнімдер туралы баяндама жасады.

– Аймақта жұмыссыз тұрғындарды қамту ба- рысында бізге 87 рет өткізілген бос жұмыс орындарының жәрменкесі септігін тігізді. Соның нәтижесінде был- тыр 43475 адам жұмыспен қамтылды. Жалпы былтыр 30490 жұмыс орын құру жоспарланған еді. Жыл қоры- тындысымен 31315 жаңа жұ- мыс орны құрылып, жос- пардан 102,7 пайызға орындалды. Ал биыл 30256 жұмыс ор- нын жоспарлап отырмыз. Президенттің 10 мың адамға 100 жұмыс орын құру тап- сырмасына сәйкес, былтыр облыста 4587 жұмыс ор- нын құру жоспарланса, жыл соңында бұл көрсеткіш 12 мың орыннан асты, – дейді басқарма басшысы.

Президент тапсырмасы былтыр біздің өңірде арты- ғымен орындалып, респу- блика бойынша жоғары көрсеткішге қол жеткізген аймақтардың қатарына ен- ген болатын. Басқарма бас- шысының айтуынша, биыл облыс бойынша жұмыс- сыздық деңгейін 4,8, ал жа- стар жұмыссыздығы деңгейін 3,9 пайыз ету жоспарланып отыр.

– Биыл өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілген бо- латын. Соған сәйкес өңірде 43898 жұмыс орын, сондай- ақ Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жұмыс орын құру тапсырмасына сәйкес 10651 жаңа жұмыс ор- нын ашу көзделуде. Сондай- ақ аудан және қаладағы жауапты тұлғалар ұлттық жобалар бойынша жұмыс орындарының ашылуын, зей- нетақы аударымдарының уа- қытты аударылуын, еңбек шартының 100 пайыз болуын, электронды еңбек биржасы- нан тіркелуін және жалған жұмысқа орналастыруға жол бермеуді сұраймыз, – деді Қ.Жаңабаев.

Өз кезегінде аймақ басшы- сы бірқатар аудан және басқар- малардың межелі жоспарды орындамауы салаға кері әсер етіп отырғанын айтты. Өткен жылы төмен нәтиже көрсеткен Қармақшы, Жалағаш, Қа- залы, Жанакорған аудандары әкімдері мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы бас- шыларына биыл бекітілген өңірлік жұмыспен қамту кар- тасына енгізілген жобаларды толығымен жүзеге асыруды қатаң тапсырды.

– Біздің басты міндетіміз – халықтың әл-ауқатын арт- тыру үшін жаңа жұмыс ор- ндарын құрып, жұмыссыздар санын азайту. Сондықтан осы бағыттағы шараларға бар күш- жігерімізді салуымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

ТАБЫСТЫ ӨНІРДЕГІ ТАРТЫМДЫ ЖОБАЛАР



Өлемде инвестициялар үшін бәсекелестіктің артуы күтіліп отыр. Сондықтан экономиканың барлық салаларында жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту бойынша белсенді шаралар қабылдау өте өзекті.

Сп Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Бұл ретте облыста экономи- қаны жандандыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Аймақ негізгі капиталға салынған инвестиция қарқыны бойын- ша республикада бірінші орында. Тартылған инвести- циялардың көлемі аймақтың ашықтығының, нарықтық эконо- микаға бейімділігінің әрі бизнес жүргізуге тартымдылығын басты белгісі. Сондай- ақ бұл – жағдайдың тұрақтылығын айқын дәлелі. Басқа да салалар бойынша Сыр өңірі алдыңғы көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр.

Айталық, облыс қазір қар- қынды құрылыс алаңына ай-

налды. Мемлекет басшы- сының қолдауымен өңірде жаңа жобалар жүзеге асыры- лып, ауқымды инвестиция- лар тартылып, экономиканың негізгі салаларында серпінді қадамдар жасалуда.

Соңғы сегіз айда облыста инвестиция тарту қарқыны артқан. Биыл республикалық бюджеттен қаржы тарту кө- лемі де айтарлықтай артты. Мәселен, жыл басынан бері республикалық бюджетте құ- рылыс, жол және энергетика салаларына 62,8 млрд теңге қарастырылған. Жакын ара- да бұл көрсеткішті 100 млрд

теңгеге дейін жеткізу жо- спарлануда. Елді мекендерді дамытуға облыстық бюджет- тен 15-20 млрд теңге бөлу жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылдың басымен са- лыстырғанда инвестиция қар- қынының өсімі 5 есеге артады. Соның нәтижесінде өңір эконо- микасын айтарлықтай жаң- дандыратын ауқымды жоба- ларды жүзеге асыру басталады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласына жү- мыс сапары барысында бір- қатар министрлермен кездесіп, өңір үшін маңызды жобаларды талқылаған болатын.

Аталған жұмыс сапары ба- рысында жасалған маңызды мәмілелер қатарында суару жү- йелерін қалпына келтіру және жаңғырту, су бөлу процестерін автоматтандыру және цифр- ландыру, Кіші Аралды сақтап қалу мәселелері қамтылып отыр.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Шетелдік көліктерді заңдастыру басталды

Кеше шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталды. Қазақстан азаматтары сырттан әкелген шетелдік есептегі жеңіл автокөліктер, шағын, орта сыйымдылықтағы ав- тобустар, шағын жүк көліктер және рөлі оң жақтағы автокөліктерді заңдастыру 1 шілдеге дейін жүргізіледі.

Сп Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Заңдастыруға өтінішті «Элек- трондық үкімет» порталы ар- қылы немесе мамандандырыл- ған ХҚКО-ға жеке жүгіну арқылы беруге болады. Онда тек көлікті заңдастыруға құжаттар қабылдайтын арнайы секторлар жұмыс істейді. Сонымен қатар онда заңдастыру ережелерін түсіндіретін әкімшілік поли- ция қызметкері болады. Ал заң- дастыру туралы шешім екі күн ішінде қабылданады.

Автокөлікті заңдастыру үшін өтінім, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралының паспорты не- месе тіркеу туралы куәлік, көлік құралына меншік құқығын растай- тын құжат талап етіледі. Нәтижесі арнайы базаға тіркеледі және көлік иесінің телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Онда қабылданған шешім нақты жазы- лады. Заңдастыруға рұқсат етілсе, мемлекеттік алымдар төлеу қажет.

2-бет

ӨНІР ӨНІМІ

Тың кәсіп

Жалағаш ауданында «SinPro» сауда белгісімен тосол, антифриз тәрізді суыққа төзімді сұйықтықтар шығарыла бастады. Жеке кәсіпкер Асхат Ермекебаев өңірде болмаған тың кәсіпті мемлекеттік бағдарлама арқылы жүзеге асырған. Оған себеп – сырттан келетін өнім бағасына тәуелділікті азайту.

Сп Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Расымен бізде өзге елден келетін өнім көп. Бұл түрлі дел- далдар арқылы қолдан қолға өтіп, бағаның өсуіне әсер етпей тұрмайды. Осындай кедергіні жоюға кейінгі жылдары қызыл- ордалық кәсіпкерлер де бел шеше кіріскендей.

– Антифриздің де, тосолдың да атқарар жұмысы бірдей деп айтуға болады. Қыста нөл не- месе -1 градуста су мұзға ай- налып ката бастаса, бұл өнім

-40 градуска дейін қатпайды. Сондай-ақ жаз айларында автокөлікте судың қайнауы жиі кездесіп жатады. Антифриз болса ондай кедергілерге жол бермейді.

Айта кетейін, мен өзім химик- технолоптың. Содан болар, осы өндірістің қыр-сырын меңгеру онша қиынға түспеді. Жеке қаражатымды салдым, қосымша мемлекеттік бағдарлама арқылы қолдау алдым. Дұрысы, 2021-



2025 жылдарға арналған кәсіп- керлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 5 млн теңге қайтарымсыз грант ұттым. Одан бөлек, «Қызыл- орда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы алты пайыз мөлшерінде 6 млн теңге несие рәсімдеп, бизнесті кеңейтуге күш салды. Бастысы, мемлекет қолдауы біз секілді жас кәсіпкерлердің да- муы мен шығаратын өнімнің құнын тұрақтандыруға көп көмегін тигізіп келеді, – дейді Асхат Ермекебаев.

2-бет

Тұрақты жұмыс – тіршілік өзегі

Мұнан соң аймақ басшысы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысына жауапты мекемелермен бірлесіп, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде биыл ұлттық және жеке бастамалар есебінен жүзеге асырылатын жобалар аясындағы 43898 жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етуді тапсырды.

ТАБЫСТЫ ӨНІРДЕГІ ТАРТЫМДЫ ЖОБАЛАР



Сондай-ақ, елді мекендерді дамыту мақсатында ауқымды жобалар қолға алынбақ. ҚР Экономика министрлігі бұл аймақта жалпы құны 5 млрд теңгені құрайтын 17 жобаны жүзеге асыруды жоспарлауда.

«Неке сарайы» да есігін ашқара ашпақ. Белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 миллиард теңгені құрайтын «Аналар үйі» орталығының құрылысы жүріп жатыр.

Был Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне 2,1 млрд теңгенің 5 жобасы ұсынылып, оның ішінде 923 млн теңгенің 2 жобасы қолдау тапты.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы сайланды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен қарлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Жиында Қызылорда облысы сайлау комиссиясының төрағасы таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Орталық және облыстық сайлау комиссияларының шешімімен Ерсултанов Әділбек Бөрібайұлы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қызметіне сайланды.



Ирина Бадельмановна Ерсултанов Әділбек Бөрібайұлы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қызметіне сайланды.

Ірі нысандар қатарында Сырдарияның сол жағалауынан бой көтеретін 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысын айтуға болады.

«Қазір мұнай» бірлескен кәсіпорныммен жасалған келісімнің нәтижесінде облыс орталығында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» бой көтермек.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы мен 7 аудан орталығындағы 6 елді мекен, 25 ауылдың 100-ден астам ішкі көшелері толықтай жаңартылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы мен 7 аудан орталығындағы 6 елді мекен, 25 ауылдың 100-ден астам ішкі көшелері толықтай жаңартылды.

Тың кәсіп

Асхаттың шағын өндіріс орнында шығатын өнімді алғашқы отандық тауар деп есептеуге болады. Еуропалық стандартқа құрылған кәсіпорын күніне автокөлікке арналған антифриз бен тосолдың орқайсысынан 1000 литрден шығарады.

Асхат жақында антифриз өніміне «СТ-КЗ» сертификатын алғанын айтып, аталған сертификат – тауардың Қазақстан аумағында өндірілгеніне немесе өндірілгені растайтын құжат.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі Қарақат Өбден облысқа іссапарында «Қамқорлық» дағдарыс орталығында болып, тағдырдың түрлі сынағына ұшыраған жандармен кездесті.

Бала – ата-ананың айнасы

Жастармен кездесуде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туындау себебі, оның алдын алу бағытындағы шаралар әлсіз екеніне айналды. Орталықтағы қызмет алушылардың жағдайын сұрап, туындаған мәселелерді бірлесіп шешу керектігі айтылды.

Күн қашан жылиды?

Қызылорда облысында желтоқсан айында орташа ауа температурасы 6-12 градус аралығында болды.

– Ал қантар айында орташа ауа температурасы 5-8 градус болды, – деді «Қазгидромет» РМК облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Айгерім Жөкелова.

Маманның айтуынша, ақпан айының алғашқы күндерінде ауа райы жылы, 5 градуска дейін көтерілуі ықтимал. Айдың ортасына таман температура күрт төмендейді.

Шетелдік көліктерді заңдастыру басталды

Заңдастыру кезіндегі негізгі төлем – 200 мың теңгені құрайтын бастапқы тіркеу алым. Сонымен қатар мемлекеттік заңдастыруға 9660 теңге және техникалық заңдастыруға 4313 теңге төленеді.



Шетелдік автомобильді тіркемеген жағдайда заңға сәйкес жауапкершілік қарастырылғанын еске саламыз. Еліміздегі шетелдік көліктердің саны артудағына байланысты заңдастыру процесі негізінде қолданылып жүр.

Бір күнде еліміз бойынша 2000-нан астам өтінім мақұлданды. 100 азамат тиісті құжаттарын алған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі «Экономика»

«СБ» ақпарат



Банкроттық рәсім қалай жүргізіледі?

Президент Қ.К.Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес, «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы» туралы заң жетіктен айында қабылданды. Аталған заңның қабылданыуына негіз еліміздің әлеуметтік жағдайының нашарлауы, азаматтардың банкрот алдындағы берешек сомаларының көбеюі, тұрмыстық алауқатының төмендеуі әсер етіп отыр.

Жалпы аталған заңның мақсаты – азаматтардың борыштық жүктемесін азайту, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету, қарыздар бойынша төлем жасауға ынталандыру.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, рәсімдердің 3 түрі енгізілді:

1. Соттан тыс банкроттық;
2. Сот банкроттығы;
3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Рәсімдерге жеке-жеке тоқталатын болсақ: 1. Соттан тыс банкроттық рәсімі жеке тұлғалардың екінші деңгейдегі банктер, микроаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздары бойынша жүргізіледі және оны мемлекеттік кірістер органдары қарастырады.

Соттан тыс банкроттық рәсімі жеке тұлғаларға қолданудың бірден-бір талаптары – екінші деңгейлі банктер, қаржы ұйымдар және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздары болуы, қарыздың мөлшері 5 520 000 теңгеден аспауы.

Анықтама (2023 жылы АЕК 3450 теңге*1600), борышкер қарзын соңғы 12 ай қатарынан төлемеген жағдайда қолданылады.

Сонымен бірге борышкердің меншік құқығында мүлкі, көлігі, сондай-ақ ортақ сатып алынған (жұбайының атындағы) мүлкі болмауы тиіс.

Соттан тыс банкроттық рәсімінің ерекшеліктері – жеке тұлға соңғы 6 ай бойы мемлекет тарапынан атуалы әлеуметтік көмек алса және оның берешек сомасы 5520000 теңге көлеміне жетпесе де өтініш беруге мүмкінділігі бар.

Соттан тыс банкроттық рәсімінің тағы да бір ерекшелігі

егер, қарыз 5 жылдан артық уақыт мерзімде өтелмесе, жоғарыдағы аталған барлық шарттар ескерілмейді.

II. Сот банкроттығы рәсімі сот тәртібімен шешіледі, яғни жеке тұлға осы рәсімді қолдану жөнінде сотқа өтініш беру арқылы жүзеге асыра алады.

Бұл рәсімнің шарттары жеке тұлғаның барлық банктер, микроаржы ұйымдары, жеке және заңды тұлғалар алдындағы келісім-шарт негізіндегі қарыздары, мемлекет алдындағы салықтар мен міндетті төлемдер бойынша қарызы ескеріледі.

Осы рәсім барысында жеке тұлғаның атында мүліктер анықталған жағдайда, берешектерді өтеу мақсатында мүліктері аукцион арқылы сатуға шығарылады. Егер жеке тұлғаның жалғыз тұрғын үйі банк кепілінде болса, онда банк аталған мүлікті алып қоюға толық құқылы.

Ал егер жалғыз тұрғын үйі банк кепілінде болмаса, ол өндірілуге жатпайды. Аталған рәсім барысында мүліктерді анықтау және сату жалпы талдау жұмыстарын жүргізу қаржылық басқарушыға жүктеледі. Сот банкроттық рәсімінің мерзімі 6 ай және 6 айға ұзарту мүмкіндігі қарастырылған.

Рәсімді қолдану барысында мынадай шектеулер қойылады: 1. Өрбір жеке тұлғаға аталған рәсімді қолдану барысында өз меншігіндегі мүліктерді иеліктен шығаруға яғни сатып жіберуге немесе сатып алуға құқығы жоқ.

2. Сонымен қатар шетелге шығуға тыйым салынады.

III. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде де жеке тұлғаның қарыз сомасын өтеуді сот қарастырады. Жеке тұлғаның қалыптасқан барлық қарыздары 5 жыл көлемінде бөліп төлеуге мүмкіндік беріледі. Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа берілуі тиіс. Жеке тұлғаның берешек сомасы өзінің меншігіндегі мүліктері қуаның мөлшерінен аспауы керек.

А.АБДУМАНОВА,
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы

ЖАРАТЫЛЫС СЫРЫН ҰҚТЫРҒАН

Өткен жылдың соңында қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті кезінде Қиыр Шығыстан көшірілген педагогикалық институт 85 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті.



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарихы – бұл еңбеккер, ізденуші ғалымдардан, оқытушы-профессорлардан құрылған ұжымның шығармашылық өмірбаяны. Оқу процесін жетілдіру, маман даярлау сапасы, озық технологияларды енгізу, эксперименттік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу, мемлекеттік жастар саясатын табысты іске асыру бойынша белсенді еңбек ету ортасы.

Университеттің қалыптасуына үлес қосқан, болашақ мамандарды даярлауда еңбек еткен оқытушы-профессорларды осы мерейтой аясында еске алып, оларды қазіргі жастарға таныстыру, дәріптеу бүгінгі біздің міндетіміз деп ойлаймыз. Соның ішінде біз, өзіміз білім алған «Жаратылыстану» институтының биология, география мамандықтарының тарихы, оқытушы-профессорларының еңбегі туралы айтқымыз келеді.

Қиыр Шығыстан көшірілген педагогикалық институт базасында ең алғаш 1937 жылы «Зоология» кафедрасы ашылды. КСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 1960 жылғы 27 маусымдағы бұйрығына сәйкес 1965 жылы I маусымнан бастап «Ботаника» кафедрасынан «Ауыл шаруашылығы негіздері» кафедрасы бөлініп шықты. 1965 жылдың I маусымында Н.Гольд атындағы Қызылорда педагогикалық институтының құрамында «Ауыл шаруашылығының негіздері» деген атпен жаңа кафедра ашылды.

«Жаратылыстану» факультеті 85 жыл бойы «Химия-биология», «Агробиология», «Биология және ауылшаруашылық өндірістік негіздері»,

«Биология», «Химия», «География», «География-биология», «География-экология», «География және халықаралық туризм», «Экология», «Экология және табиғатты пайдалану», «Гигиена», «Валеология», «Консервация технологиясы», «Денсаушынықтыру», «Алғашқы әскери дайындық» мамандықтарын дайындап келеді.

Біз «География-экология», «География-биология» мамандықтары бойынша білім алдық. Қажеттілікке орай 1991 жылдан «Биология және география», 1992 жылы «География-экология», 1995 жылы оның орнына «География және халықаралық туризм» мамандығы ашылды. Сол жылы «География және халықаралық туризм» кафедрасы құрылды. Кафедра менгерушісі болып М.Мұсабаева тағайындалды. 1997 жылы «Биология», «География және халықаралық туризм» кафедралары бірігіп, «Биология, география және экология» кафедрасы болып аталды да, кафедра менгерушілігі қызметін профессор Ж.Өтесінов жалғастырды.

2000 жылы «Биология, география және экология» кафедрасының менгерушісі болып Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының «Жаратылыстану-география» факультетінің 1963 жылғы түлегі, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Төрехан Кемелқызы тағайындалды.

2002-2006 жылдары «Биология, география және экология» кафедрасының менгерушісі Рахат Құрманбаев, 2006-2010 жылдары биология ғылымдарының кандидаты А.Байкенжеева болды. 2010-2012 жылдары биология ғылымдарының докторы, профессор С.Ибадуллаева атқарды.

2012-2020 жылдар аралығында кафедра менгерушісі биология ғылымдарының кандидаты, А.Байкенжеева болды. 2019 жылы «Биология және география» кафедрасы мен «Химия және экология» кафедрасын біріктіріп, «Биология, география және химия» кафедрасын ашты. 2020-2021 оқу жылынан бүгінге дейін кафедра менгерушілігін PhD Г.Токтаганова атқарып келеді. Қазір кафедрадағы оқытушы-профессорлар құрамында 1 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты, 1 PhD, 11 ғылым магистрі бар.

Біз білім алған жылдары қызмет атқарған профессор-оқытушылардың болашақ мамандар тұлғасын қалыптастырудағы өзіндік еңбегі, әдіс-тәсілдері ерекше еді. Әсіресе, кафедраға қарасты зоологиялық музейдің жәдігерлермен толығына доцент Ө.Тапалов үлкен үлес қосты.

Бүгінгі күні сапалы, білімді маман дайындауда тәжірибелі педагогтардың еңбегі зор.

Университетіміздің 85 жылдық тарихында жастарға үлгі боларлық қызмет атқарған оқытушы-профессорлар өте көп. Олардың еңбегін дәріптеу бүгінгі бұнының парызы деп ойлаймыз. Ол тағы бір мақаланың арқауы болатыны сөзсіз.

Гүлмира НАЗАРОВА,
Гүлшат ОҢҒАРБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
аға оқытушылары

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Маралбекова Асель Маралбековна (лицензия №0001331 28.06.2008 ж.) 2023 жылдың 4 қаңтарында қайтыс болған азамат Тлеумбетов Абай Кожбановичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Токмағамбетов көшесі 23/4, тел.: 8 771 206 22 23.

«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2022 жылдың 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөнінде мәлімет

БСН 990640000352

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	2 233 595	2 233 784	189
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	1 460 770	1 662 746	201 976
Электр қуатының теңгерімдеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемелі эзірлігін қамтамасыз ету шығындары	326 271	337 862	11 591
Жынытығы	4 020 636	4 234 392	213 756

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2022 жылғы 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 990640000352

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с				Өткізу көлемі, теңге (КҚС-сыз)				Босату бағасы, мың теңге (КҚС-сыз)				Табыстылық деңгейі		
	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Шығындар мың теңге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың теңге	Табыстылық деңгейі	
	Занды тұлға	Жеке тұлға	Жалпы көлем		Занды тұлға	Жеке тұлға	Жалпы көлем		Занды тұлға	Жеке тұлға	Жалпы көлем				
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Энергиямен жабдықтау мақсатында эл.энергиясын сатып алу («ҚРЭК» АҚ-ның желілері арқылы эл.энергиясын бөлшек саудада сату)															
* Қызылорда қаласы орташа тариф жеке тұлға	228 606 046	95 858 186	125 760 533	6 987 327	4 325 109 142	2 234 257 032	1 979 901 463	110 950 647	18,92	23,31	15,74	15,88			
1-денгей			103 925 268	6 987 327			1 545 668 035				14,87				
2-денгей			17 713 203				336 603 739				19,00				
3-денгей			4 122 062				97 629 689				23,68				
бюджет.мекеме		21 615 972					819 498 905				37,91				
Басқа да тұтынушылар		72 532 820					1 390 411 780				19,17				
ТЭЦ-6 Суб.абонент		1 709 394					24 346 346				14,24				
Итого:	228 606 046	95 858 186	125 760 533	6 987 327	4 325 109 142	2 234 257 032	1 979 901 463	110 950 647	18,92	23,31	15,74	15,88	4 584 905 967	4 325 109 142	-259 796 826

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2022 жылдың 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 971140002240

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с.			Өткізу көлемі, мың теңге (КҚС-сыз)			Өткізу бағасы, теңге (КҚС-сыз)			Табыстылық деңгейі					
	Тұтынушылар санаты		Барлығы	Тұтынушылар санаты		Барлығы	Тұтынушылар санаты		шығындар мың теңге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың теңге	Табыстылық деңгейі %				
	Занды тұлға	Жеке тұлға		Занды тұлға	Жеке тұлға		Занды тұлға	Жеке тұлға							
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электрэнергия	128 830	60 484	65 727	2 619	2 399 406	1 253 593	1 101 839	43 974	18,62	20,73	16,76	16,79	2 405 339	2 399 406	

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2022 жылдың 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөніндегі мәлімет

971140002240

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	1 176 596	1 152 607	-23 989
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	955 532	949 805	-5 727
Электр қуатының теңгерімдеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемелі эзірлігін қамтамасыз ету шығындары	179 056	175 403	-3 653
Жынытығы:	2 311 184	2 277 815	-33 369

Жарнама. Жарнама. Жарнама
«Сыр бойы», Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru



Қарт жауынгерге құрмет

Қармақшылық Иса Бисенов осыдан 60 жылдай бұрын Вьетнамда өткен соғысқа қатысқан. Бірақ соғысқа қатысқаны, қандай әрекет жасағаны туралы ешкімге айтпау тапсырылған. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана оның осы соғысқа қатысқан жалғыз қазақ екені белгілі болды.



СБ Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

1964-1967 жылдары әскери борышын өтеп жүрген жас жігіт ойламаған жерден Вьетнамға аттанады. Кеңес әскері арнайы ракеталық қаруланған әскери полк құрған. Полкте орыс, украин, латыш, өзбек және жалғыз қазақ болды. Ол кезде ер азаматтардың әскерде болу мерзімі 3 жыл. Жерлесіміздің өзі Азияның онтүстік шығысындағы Вьетнам елін қорғауға барамын деп ойламапты.

Тікелей араласқан. Американың ұшақтарының шабуылына тойтарып отырды. Бір ғажабы, жаумен арпалысып жүрсе де Вьетнам жұрты еңбектен қол үзбеген екен. Халық соғыс жағдайының өзінде жер жұрты, егін егіп, күріш алқаларында тынымсыз тер төгіпті. Қарт жауынгер әлі күнге дейін Вьетнам халқының еңбекқорлығы мен жанкештілігіне, отансүйгіштігіне тәңгі болады.

Түнде тұрғындармен кездесіп, ән кештерін өткізетінбіз. Мен «Бәрінен де сен сұлу» әнін орындадым. Бұл сәтті ешқашан ұмытпаймын, — деп еске алды ол.

Арада он бес ай уақыт өткенде бұлар жаудың әуе соққысына ұшырайды. Жақын жерге снаряд түсіп, солдан ауыр жаракат алыпты. Иса Бисенов Вьетнамнан II топ мүдделі болып қайтқан. Онда да Қазақстанға бірден келмеген. Соғыстан келген сарбаздар Ленинградта тағы да үш ай әскери борышын өтейді. Содан кейін барып қана елдеріне жіберген. Алайда, олардың әскери билеттеріне Вьетнамдағы соғысқа қатысты деген мөр басылмапты. Бәрі әскери құпия күйінде қалып қалған.

Жас жігіт әскерден оралған соң Қуандария ауылында 30 жылдан астам уақыт фельдшер болды, ауылдық аурухананы басқарды. 2005 жылғы зейнетке шығып, Жосалыға көшіп келген. Қазір аудан орталығында тұрады. Иса Бисенов 80 жасқа келгенше Қармақшы аудандық медицина ардагерлерінің ұйымы

басқарды. Өзі қырық жылға жуық еңбек еткен саланың қыр-сырын, әріптестерінің мұқтажықтарын жетік білетіндіктен, қоғамдық жұмысты абыроймен атқарды. Отбасының қаржысына өзі туып-өскен Қуандария ауылына мешіт салдыруға үлес қосып, имандылық жолында да игі іс тындырды.

2014 жылы Сыр еліне Вьетнамның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі келгені есте. Елші сонау бір кезінде өз халқына демеу бергені үшін Бисенов Иса ағамызға жылы лебіз білдіріп, ардагерді зайыбымен бірге Вьетнамға шақырды. Ол жақта соғыс ардагерін Вьетнам Республикасының Президенті арнайы қабылдапты.

Сол қиын жылдардағы біздің көрсеткен көмегіміз үшін өз халқының атынан алғысын айтты. «Бүгінгі қол жеткен жетістігімізді сіздердің де үлестеріңіз бар. Сіз секілді жауынгерлерді ұмытпауымыз қажет. Осы үшін шексіз ризашылығымызды білдіреміз, — деді Президент бізбен жүзлесу барысында, — дейді ардагер.

И.Бисенов Вьетнам Премьер-министрінің қолы қойылған «Құрмет грамотасы» мен «Достық» медалінің иегері.

«Вьетнамның құрметті азаматы». Сондағы «Құрмет кітабына» есімі енген. Осы сапардан соң ардагерге «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы» деген атақ берілді. Ал таяуда Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің тобы ардагерлері республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақыт Тастанов, облыстық және қалалық филиал жетекшілері Алтынсары Шүренов пен Марат Оспанов Вьетнам соғысының ардагерінің үйіне арнайылап барды. Олар қарт жауынгер Иса Бисеновке «Алғыс хат» пен арнайы төсбелгі табыстап, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты.

Бірлестік мүшелері қазақ елінің мәртебесін арттырып, майдан даласынан абыроймен оралған ардагердің әңгімесін тыңдап, батасын алды. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесі сөз болып, құрылғанына 9 ай болған жаңа бірлестіктің мақсат-міндеттері туралы да айтып өтті.

Қазір жасы сексеннен асқан ардагер зайыбы Әлияның анамызбен бірге 7 бала, 22 немере мен бірнеше шөберені қызығын көріп отыр. Ол осы өміріне шүкіршілік қылады.



Ел тірегі – айбынды жастар

Жастар ресурстық орталығында ҚР Қорғаныс министрлігі тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті мен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының бірлесе ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстанның тірегі – айбынды жастар» тақырыбында мектеп оқушыларына арналған әскери-патриоттық акция өтті.

СБ Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Іс-шараға жергілікті атқару органдарының өкілдері, Қарулы Күштердің ардагерлері, әскери қызметшілер мен «Жас сарбаз» жастар қозғалысының мүшелері, оқушылар мен колледж студенттері қатысты. Ақцияның мақсаты – Қарулы Күштердің беделін арттыру, жастардың әскери-патриоттық рухын көтеру.

Кездесу барысында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров сөз алып, Сыр өңіріне келген қонақтардың жұмысына сәттілік тіледі.

Отанымыздың тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген қорғаныс саласының қызметкерлеріне жүктелген жауапкершілік орасан зор. Еліміздің бүтіндігі мен халқымыздың тыныштығы баға жетпес құндылық екені белгілі. Сол жолда қызмет етіп жүрген Сыр өңіріндегі «Жас сарбаз» әскери-патриоттық орталығының облыстық қоғамдық даму басқармасымен бірлесе атқарған жұмыстары жетерлік. Әскери орталықтағы 12 мың сарбаз бүгінде өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді. Жастардың бойындағы отаншылдық, патриоттық рух жарқын жетістік деп айтуға болады, — деді ол.

Ақпараттық-түсіндірме тобында министрліктің тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің өкілі, подполковник Ғалымжан Қаршығалы, әскери білім және ғылым департаментінің өкілі, подполковник Қуаныш Зекеңұлы, заң департаментінің өкілі, подполковник Полатхан Ал дабергелулы қорғаныс саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде мол мағлұматтар берді.

Сонымен қатар, жас сарбаздарға Қарулы Күштердің мемлекеттік әскери-тарихи музейінің жыл-

жымалы көрмесі көрсетілді. Онда Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі мен батырлардың өмірінен көптеген қызықты фактілер айтылды. — Әскери көрмеде қазақ жерін мекен еткен тайпалар мен мемлекеттер жайлы мағлұматтар берілді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік көрсеткен батырлар туралы тың деректер айтылып, құнды жәдігерлер көрсетілді. Мұның барлығы әскери салада қызмет еткісі келетін жас сарбаздар үшін өте маңызды, — деді мемлекеттік әскери-тарихи музейі ақпараттық ұйымдастыру қызметінің бастығы Дәулет Қадіров.

Іс-шарада департамент өкілдері Қарулы Күштердің беделін арттыру, әскери оқу орындарына түсу, әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартудағы басшылық атқарып жатқан жұмыстарды, әскер қатарынан кейінгі ЖОО-ға оқуға түсу тәртібін түсіндірді. Тұрғын үймен қамтамасыз ету, әскерге шақыру тізіміне тіркеу тәртібі, әскери есеп пен қызмет заңнамаларының негізгі ережелерін де айтты. Қатысушы жас сарбаздарға офицерлер мен сержанттарды дайындайтын әскери оқу орындарын таныстырып, үгіт-насихат жүргізді.

Армия генералы С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының 4-курс курстанты Нұрбек Әкімбекұлы мен Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т.Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері әскери институтының 4-курс курстанты Ғалымжан Мирамұлы өздері оқып жүрген әскери оқу орындары жайлы арнайы бейнеролик әзірлеп, оқу орнының қазіргі жетістіктері мен жүйелі жұмысын таныстырды.

Кездесу соңы әскери-патриоттық ән кешіне ұласты.

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

Облыстық филармонияда түркітөкес мөмүліктер арасынан шыққан даңқты қолбасшы, мемлекет қайраткері Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына арналған «Бабаға құрмет – тарихқа тағзым» атты танымдық концерт өтті.

Концерт шымылдығы «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің орындауындағы «Шолпан Қорғанбектің» «Сұлтан Бейбарыс» күйімен ашылды. Одан соң «Томирис» би ансамблі «Аманат» биін және «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Бимбетова Зағипа

Иманғазиеваның «Бейбарыс бабаға» атты арнау өлеңін орындады.

Даңқты қолбасшыға арналған іс-шарада «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Руслан Ахметов, Майра Сәрсенбаева, республикалық байқаулардың лауреаттары

Әділхан Қуанбаев, Марат Сүгірбай және Жәнібек Жұсан өнер көрсетті. Олар Серік Сағынтайдың «Бейбарыстың елге оралуы», Базар жыраудың «Сөйле, тілім жалпыдан» шығармасын, Марат Бердіғұловтың «Көк бөрі» күйін, Бақытжан Қыдыралыұлының «Бейбарысты аңсау» шығармасын, Махамбет Өтемісұлының «Қызығш құс» толғауын және т.б. орындады.

Сондай-ақ, филармония артистері А.Жаппарбердиев,

Б.Айымбетов, А.Ақботаұлы және Б.Қожанияз Бейбарыс сұлтанға арналған қойылым қойып, көрермен қозғаймына айналды.

Кеш соңында көрермендер тағалымды іс-шараның ұйымдастырылуына атсалысқан шығармашылық топқа және режиссері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Азиза Іздікқұловаға алғыс айтты.

«СБ» ақпарат

Ән – көңілдің ажалы. Әсем де сырлы саз жан-жүрегіңді еріксіз баурап, қиян-қиырға жетелейді. Бір сәт көкірек сарайың жауыннан кейінгі табиғаттай тазарып, жеңілденіп-желпініп қалады. Тыңдарманды осындай көтеріңкі көңіл-күйге бөлеп, жүрген естіді де, әсерлі әуен қатарында «Он екі иректі» атап өтсек ешқандай қателеспейміз.

Жібектей есіліп, халық әуезін еске түсіретін бұл туындының авторы жүзден астам ән шығарып, «Қазалының Шәмшісі» атанған ардагер ұстаз, жергілікті сазгер Нұрмаш Алғашбаев екенін біреу білсе, енді

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

Иірімі терең «Он екі ирек»

бірінің білмеуі әбден мүмкін. «Он екі иректі» аудан көлемінде өтетін түрлі деңгейдегі шараларда ҚР Мәдениет саласының үздігі, әнші Ғалия Оспанова нақышына келтіре шырқағанда көрермендер ұйып тындайды. Көңілдерді көкке көтерген ән: — Жасымда ән естуші ем

Көгендей ағытылған он екі ирек, түйдек-түйдек. Көмейден күмбір-күмбір келуші еді, — деп аяқталғанда жұртшылықтың үсті-үстіне қол соғып, өнерпазға айрықша қошемет көрсеткенінің куәсі болып келеміз.

Біз бүгін тілге тиек етіп отырған музыкалық шығарма қашан, қалай дүниеге келді? Осы сауалды сазгердің өзіне қойып, жауабын білгіміз келгенде: «Кейбір үлкен мәселелер, күтпеген тұстан сәтімнен басталып жатады. Бұл да — сондай ыңғайымен келген істің бірі» деп өткен күндер оқиғасын көз алдына келтірді.

1988 жылдың жалдыраған жаз айының ортасы. Мектептегі мұғалімдік қызметтен қолы босап, кезекті еңбек демалысында жүрген. Аула ішіне егілген бау-бақшаны сұғарып бітіріп, жаңа келген газеттерді парактап қарай бастады. Нұрмаштың көзіне республикалық «Лениншіл жас»

басшылығының ішкі бетінде жарияланған қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбековтың бір топ өлеңдері түсті. Әңгімеші ширатылған шумақтарды асықпай шолып шықты. Солардың арасынан оған «Он екі ирек» атты жыр жолдары қатты ұнады. Қайталап оқыған сайын терең сезім құшағына беріліп, қиял қанатында қалыптады. Бір кездері иығына баянын асынып, оның пернелерін тергіштей бастады. Арала бірнеше тәулік өткенде өнер адамының кеудесін мазалап, шабыт шығалаңына салған жаңа әуен жарыққа шығып, қалың қауымның көздеріне жаралды. Жаксы әнді естіген бірақтар ұжымдастары бұның қуа-

нышына ортақтасып, талабы өрлей берудіне тілектестігін білдірді.

Көп ұзамай «Он екі ирек» қазалық өнерсүйер қауымның да қозғаймына айналды. Оны сахна төрінде алғаш рет аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкері Ғалия Оспанова орындап, жиналған жұртшылық пен сазгердің талғамынан табылды. Бұл жөнінде әншінің әңгімесі тартқанымызда: — Маған Нұрмаш аға хабарласып, «Он екі ирек» туралы айтқанда дереу келісімді бердім. Әп дегеннен, әдемі әуені мен мазмұнды сөзі көңілдімен шықты.

Алдымен аудандық мәдениет үйі сахнасына алып шығып, кейін «Қорқыт сазы» ансамблінің құрамында қазақ теледидарының фильм-концертіне түстім. Сол арқылы «Он екі ирек», «Аралым – аяулы» әні менің орындауымда республикалық радиотеледидиенің алтын қорына

қабылданды.

Қасиетті Қазалы жерінен асып, облыс, республика көлеміне танылған бұл әнді қазіргі күні Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Құлән Қалымбетова, Сұлұшаш Нұрмағанбетова, Ақтөбедегі Қ.Қуанышбаев атындағы театр қызметкері Әлия Дәуітова, «Атамұра» халық ардагерлер ансамблінің мүшесі Құлпаршар Сәрсенбаева, тағы басқалар әулетіп, халықтың шынайы сүйіспеншілігіне бөленіп жүр, — деп біз қажет еткен дерек көзін толықтырды.

«Он екі иректі» естіген жанды өзге үйіріп алатын шұрайлы әуенімен көпке белгілі қазалық сазгер Нұрмаш Алғашбаевқа таланттың мұқалмай, білік белестерді бағындыра беріңіз деген риясыз пейілімізді жеткіземіз.

Сахи ҚАПАР

Әзірлеген Әділхан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»